

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). - 2018. - №4 (99). - С.194-204

ЭТНИКАЛЫҚ КӨШІ-ҚОННЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚқа ӘСЕРІ

*Бодаухан К.,
Джусибалиева А.К.*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Аннотация

ҚР-дағы көші-қон үдірістері зерттеу барысында этникалық көшіп-қонушылардың ауыл шаруашылығындағы жұмысбастылыққа әсер етуінің аспектілері қарастырылды, халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидалары, көші-қон үрдісі мен ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды нормативтік-құқықтық реттеу зерттелінді. Ішкі көші-қон Қазақстандағы көші-қон үдірістерінің негізгі бағыты ретінде көрсетілген, ол негізінен экономикалық жағынан белсенді халықты ауылдық жерлерден және экологиялық жағынан қолайсыз аймақтардан қолайлы экономикалық жағдай қалыптасқан және жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алатын аймақтарға жүйелі қоныс аударумен сипатталады. Орталық Азиядағы транзиттік көші-қон және еңбек көші-қоны, сондай-ақ этникалық қазақтардың қоныс аудару ағынымен байланысты болып отырған иммиграциялық мәселелердің басты ерекшеліктері мен себептері қарастырылды. Көші-қонның үйлесімділігі әлемдік экономикамен ұштасатын экономикалық өсуді, экономикалық субъектілердің іскерлік белсенділігін және бірегей ішкі экономикалық кеңістікті қалыптастыру үшін жағдай жасаудың тиімді құралы болып табылады. Бүгінгі таңда, Қазақстан аймақтарындағы демографиялық ахуал біркелкі емес. Бұл мәселе республиканың халық тығыз орналасқан және халықтың табиғи өсімі жоғары аумақтарынан еңбек күшіне сұраныс бар мекендерге қоныс аударуды ұйымдастыру, яғни көші-қон үрдістерін тиімді үйлестіру нәтижесінде реттелетін болады.

Кілттік сөздер: ауыл шаруашылығы, этникалық көші-қон, нәтижелі жұмыспен қамту, көші-қон үрдістер, еңбек әлеуеті, көші-қон саясаты, жұмыссыздық, әлеуметтік кепілдік, кәсіпкерлік.

Кіріспе

Көші-қон үдірістері өңірлердің еңбек ресурстарының қолжетімділігіне, соның есебінен олардың экономикалық дамуына әсер етеді. Қазақстанның бірқатар

облыстары экономикасының құрылымдық трансформациясы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда, ауылдың еңбек әлеуетін жаңа деңгейге көтеруде маңызды рөлді

атқарды. Шетелде тұратын, Қазақстан халқының үштен бір бөлігін құрайтын қазақтардың нақты салмағын ескерер болсақ, диаспора тәуелсіз мемлекеттің маңызды әлеуметтік ресурсы болып табылады.

Этникалық мигранттардың жартысынан көбі аграрлық білім мен дағдыға ие, ал әрбір төртінші оралман ауыл шаруашылығында жұмыс істейтінін белгілеген дұрыс.

Ауылдық жерлерге бағытталған қазіргі заманғы көші-қон ағындарының сандық және сапалық сипаттамалары, аграрлық

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында бейімделуге және көші-қонның мотивациялық сипатына байланысты мәселелерге назар аударып отырып, әлеуметтік зерттеу және мақсатты топтың ішкі ойларын білу тәсілі пайдаланылды. Әлеуметтік зерттеу жеке тұлғалардың экономикалық шешім қабылдау мүмкіншілігін, оларға әлеуметтік, танымдық және эмоционалдық факторлардың әсерін анықтауға негізделген. Мұнда, мінез-құлық экономикасы теориясы мақсатты топтың көші-қон үрдісі арқылы әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілі ретінде көрінеді, бұл өз қажеттілігін қанағаттандыруды анықтауға бағытталған іс-әрекеттің бағытын анықтауға көмектесті. Тарихи отанына этникалық көшіп-қонушылардың қоныс аудару сарыны терең саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан үлкен мағынаға ие болғандықтан, олардың АӨК орналасуы, бейімделуі мен

салада қалыптасып отырған еңбек нарығына көшіп-қонушылардың әсері, сондай-ақ ауылдық мекендерге қоныстанушылардың бейімделу үрдістерін аймақтық зерттеу мақала авторларының үлкен қызығушылығын тудырды.

Демек, бүгінгі таңдағы қалыптасып отырған көші-қон ағымын зерттеу, басты бағыттары мен маңызды факторларды ауқымды талдау, сондай-ақ көші-қонның ауыл шаруашылығына әсер етуінің түрлі аспектілерін анықтау өте өзекті болып табылады.

әлеуметтік мәселелері жүйелі зерттеуді талап етеді.

Агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істеуге әсер ететін факторлар этникалық мигранттар мен жергілікті тұрғындар үшін бірдей сипатта болуы мүмкін. Зерттеудің бастапқы деректерін эмпирикалық талдау агроөнеркәсіптік кешендегі жұмысқа әсер ететін мынадай негізгі факторларды анықтады: балаларының білім алу мүмкіншілігі, тұрғылықты жеріндегі экономикалық-әлеуметтік жағдай, мақсатты топтың жас шамасы, білім деңгейі, кәсіби машықтануы. Жүргізілген эконометрикалық талдау көрсеткендей, ауыл шаруашылығында этникалық көшіп-қонушылардың жұмыспен қамтылуын түсіндіретін негізгі факторлар: тұрғылықты жері, білім деңгейі, жас шамасы, ауылдық жерлердегі өмірге қанағаттану. Өңірлердің экономикасы мен көші-қон арасындағы өзара байланысты

тереңірек зерттеу үшін экономикалық даму мен көші-қонның сызықтық корреляциясы жоқ екендігін көрсеткен ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізілді. Сондықтан бүкіл республиканың,

Зерттеудің негізгі нәтижелері

2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес Қазақстанның аграрлық секторы экономиканың жаңа қозғаушы күші болуы тиіс. Елбасы: - Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы зор маңызға ие және көптеген позициялар бойынша әлемдегі ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз, - деп белгіледі. Жаңа жаһандық экономикалық дағдарыстар және тауар нарықтарының тұрақсыздығы экономиканы әртараптандырудың басты міндеттерін шешу қажеттілігін тудырады. Осы мақсатқа жету үшін агроөнеркәсіп секторы экономиканың құрылымдық реформаларының қозғаушы факторларының бірі ретінде алып қарастырылады және оның тиімді нәтижесі үшін маңызды рөл атқарады [1].

Қазақстан Республикасы егемендігін жариялаған уақыттан бастап бірнеше миллион адам ішкі және сыртқы көші-қонға тартылды. ҚР-ның ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша 2017 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан халқының жалпы саны 18137300 адамды құрайды, соның ішінде ауыл тұрғындары - 7708352

сондай-ақ оның жекелеген өңірлерінің экономикалық даму контекстінде көші-қонды, сондай-ақ басым демографиялық үрдістерді ескеру ұсынылады.


адам (42,5%). Елдің жалпы халқы 43,2% үш облыста (Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан), сондай-ақ Алматыда, ал солтүстік аймақтарда (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары) халықтың 16,3% ғана өмір сүреді (www.stat.gov.kz).

Қазақстан үдемелі индустриялық-инновациялық саясатты белсенді түрде жүзеге асыру арқылы серпінді дамып келе жатқан ел ретінде бүгінгі күні урбанизация мен көшіп кету үрдісін бастан кешіруде. Қазақстанда, әлемнің басқа елдеріндегідей, ауылдық және қалалық тұрғындардың өмір сүру деңгейінің артуы байқалады.

Урбанизация үрдістер ауыл шаруашылығында техникалық құралдар мен еңбек өнімділігінің төмендеуімен, ауылдық инфрақұрылымның дамымауымен, орталықтардан қашық болуымен, негізгі нарықтарда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қысқаруымен, климаттық жағдайлар және т.б. байланысты. Елдегі демографиялық ахуалды тұрақтандыруда сыртқы көші-қон да елеулі әсерін тигізеді, өйткені тәуелсіздік жылдарында шамамен 1,0 миллионға жуық этникалық қазақтар республикаға оралды. Тәуелсіздік кезеңінде 1991 жылдан бері елде 260325 отбасы немесе 955894 оралман

кабылданды. Қазір этникалық қазақтардың сегменті ел халқының

5,5%-ын құрайды [2].



Сурет 1. Тәуелсіздік кезеңінде этникалық мигранттардың шыққан елдері

**Дерек көзі: Қазақстан Республикасы ЕЖХӘҚ министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитеті мәліметтері*

Жоғарыда көрсетілген 1-ші суретте ҚР-на тәуелсіздік жылдарында қоныс аударған этникалық мигранттардың шыққан елдерінің үлесі көрсетілген.

Мигранттардың жалпы санының 61,5% Өзбекстан, 11,6% Қытай Халық Республикасы, 12% - ы Моңғолия, 7,3% -ы Түрікменстан, 3,9% -ы Ресейден, 3-і - Түркия, Иран, Ауғанстан және т.б. сияқты басқа елдерден 7% (www.enbek.gov.kz). Осылайша, Өзбекстан этникалық мигранттар нәтижесі бойынша ең үлкен үлес алады.

Жалпы қоныс аударушы этникалық қазақтардың ішінде жұмыс жасындағы адамдар 55,6%, 18 жасқа дейінгі балалар - 39,9% және зейнеткерлер - 4,5% ғана. Жұмыс жасындағы оралмандардың 8,8% -ы жоғары білімді, 18,9% - орта, 50,6% - жалпы

орта білімді, 9,9% - білімі жоқ. Қазіргі уақытта жұмысқа қабілетті мигранттардың басым бөлігі республиканың үш өңірінде, атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Маңғыстау облыстарында орналасқан. Мигранттардың демографиялық құрамы, яғни ерлер мен әйелдер, сәйкесінше 49% және 51% құрайды. Демек, республиканың жоғарыда аталған өңірлері еңбек көші-қоны болып табылады және тиісінше этникалық мигранттардың көп шоғырлануы оларды тұрғын үймен, жұмыс орындарымен және басқа да әлеуметтік мәселелермен қамтамасыз етуде қосымша қиындықтар тудырады [3].

Мемлекет еңбек ресурстарын ұтымды бөлу үшін бірқатар шаралар қабылдайды. Мысалы, ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29

желтоқсандағы № 919 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қаулысында мынадай негізгі міндеттер айқындалған:

- еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беретін кадрларды дайындау;

- еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптер бойынша қызметкерлерді қысқа мерзімді кәсіби дайындау;

- бизнес негіздері бойынша оқыту;

- ауылдық жерлерде және қалада микрокредиттерді кеңейту;

- жұмыссыздарға және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;

- еңбек мобильділігін арттыру;

- жұмысқа орналастыру үшін бірыңғай цифрлық платформа құру [2].

Бұл бағдарлама солтүстік өңірлердегі еңбек ресурстарының жетіспеушілігін реттеудің негізгі құралы болуға тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №515 бұйрығы «Адамдарды жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру бойынша ерікті қоныс аудару ережесі» бекітілді. Бұл шараның басты мақсаты - Қазақстан Республикасының азаматтарын, оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін жаңа тұратын жерге ерікті қоныс аударуды жеңілдету. Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік

қолдау шаралары іс жүзінде қоныс аудару және жұмысқа орналасу (нақты қоныстанушылар) және жоспарлы қоныс аудару (ықтимал мигрант) болғаннан кейін де көрсетіледі.

Айта кету керек, 2017 жылы республикалық бюджеттен оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге қоныс аударуға 85 млрд. теңге бөлінген. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің соңғы деректеріне сәйкес, 2017 жылдың 10 айы ішінде солтүстік өңірлерге 854 отбасы қоныс аударылды, квота осы отбасыларға бөлінеді, оның 288-і - жергілікті тұрғындардың отбасы, ал 566 отбасы алыс және жақын шет елдерден келген этникалық мигранттар болып табылады (www.enbek.gov.kz).

Өңіраралық көші-қонда шешуші фактор - табыстың сәйкес келмеуі. Аймақтық және салалық дамудағы диспропорциялар сыртқы және, ең алдымен, еліміздің ең дамыған өңірлеріне бағытталған ішкі көші-қонның векторына шешуші әсер етеді. Негізгі капиталға салынған барлық инвестициялардың шамамен 60%-ы Қазақстанның батыс аймақтарында, Астана және Алматы. Сол аудандарда елдің ІЖӨ-нің 1/2 бөлігінен астам өндіріледі және ең жоғарғы жалақы төленеді. Әлеуметтік теңсіздік және табыстың өсу көздерін іздестіру жұмыспен қамтудың және кіші жұмыстардың (қосымша жұмыспен қамту) бейресми нысандарын дамытуға ықпал етеді. Бейресми жұмыспен қамтудың ең үлкен үлес салмағы бар облыстар: Оңтүстік

Қазақстан (жалпы бейресми жұмыспен қамтылғандар санының 16,3%), Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары (тиісінше 16,7% және 9,3%), Жамбыл облысы (9,8%). Жалпы алғанда, бұл 4 облыс жалпы бейресми жұмыспен қамтылғандардың 50%-ын қамтиды. Ақмола облысында бейресми жұмыспен қамтылғандар өздігінен жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 12%-ын құрайды [3].

Қазіргі уақытта көшіп-қонушылардың басым бөлігі этникалық қазақтар (оралмандар) болып табылады, бұл репатриациялаудың тиімді саясатын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстаннан басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға кететіндердің арасында 43,8%-ы 15 жастан 34 жасқа дейінгі жастар («утечка мозгов» деп аталатын) екендігі ерекше назар аудартады. Бір жағынан бұл бес мемлекеттің (Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Армения Республикасы) аумағында. Біртұтас экономикалық кеңістікке қатысушы елдердің азаматтарының еркін қозғалысы үшін жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады. ЕурАзЭҚ құрылған сәттен бастап, ЕурАзЭҚ-қа мүше елдер арасында еңбек көші-қонының өсуі байқалды.

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2010 жылы Қазақстанға 34,4 мың этникалық қазақтар келді. Олардың 66,2 пайызы Өзбекстаннан, 26 пайызы ҚХР-дан келді. Моңғолия (2,68%), Түркменстан (1,48%), Ресей (1,42%), алыс шетел (1,5%) және

ТМД басқа елдерінің (0,68%). Алайда, Ақмола облысында тұратын этникалық мигранттар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқандардың 65,7%-ы ішкі көші-қонарқылы қалаға тұрақты жұмыспен табыс көзін іздеуге көшуде [2].

Осы үрдісті ескере отырып, халықтың көші-қонын жүйелі ұйымдастыру арқылы өңірлік экономикалық, демографиялық айырмашылықтарды реттеу бағытындағы мемлекеттік саясат іске қосылды. Бұл еңбек нарығын дамыту үшін әлеуеті жоғары өңірлерге еңбек-профициті өңірлерінен адамдарды ерікті қоныстандыруды экономикалық ынталандыру арқылы ішкі көші-қон мәселелерінде мемлекеттік реттеудегі екінші шара болып табылады. Мұндай ерікті мигранттарға тұрақты тұратын мекендерге баратын жол-көлік, меншік мүлкін тасымалдау шығындарын, және тұрғын үй алуға жәрдемдесу сияқты әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған.

Зерттеу барысына шетелдік сарапшы Галле-Виттенберг университетінің (Мартин-Лютер-Университет Галле-Виттенберг) және Лейбниц атындағы Орталық және Шығыс Еуропаның ауыл шаруашылығын дамыту институтының (IAMO) профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Томас Герцфельд қатысты. Шетелдік сарапшымен бірге Германия, Израиль, АҚШ, Австралия, Канада және Нидерланды ғалымдары пайдаланатын көші-қон ағындарын

зерттеу әдістері зерттелді. Алайда, көші-қон үрдісінің дамуын әлемдік тәжірибелермен салыстыра зерттеу барысында Қазақстанның ерекшелігі де айқындалып, тіпті тәжірибелі жақтары да айқындалды. Әсіресе, этникалық көші-қонға қатысушыларды құқықтық, тілдік бейімдеудегі әлемдік тәжірибе біздің мемлекетте жүрілмеген. Бұл, 1991-2000 жылдарда қоныс аударушылар үшін тілдік бейімдеу қажеттілігінің туындамауында. Басты себеп: олардың басым бөлігі ауылдық мекендерге орналасуы және мемлекеттік тілде қатынасуы [3].

Жалпы халықтың механикалық қозғалысы әрдайым халықтың демографиялық құрамына өзгерістер енгізеді және соның салдарынан жергілікті еңбек нарығын едәуір қысқартады. Сонымен, 2050 жылға қарай Қазақстанның солтүстік өңірлерінің тұрғындары 0,9 млн. адамға азаюы мүмкін, ал оңтүстік өңірлердің халқы 5,2 млн. адамға өседі. Болжанған мәліметтерге сәйкес, оңтүстік өңірлердегі халықтың тығыздығы солтүстік өңірлердің тиісті көрсеткішінен 4 есе жоғары болады. Қазіргі уақытта халықтың 38% оңтүстік өңірлерде (Алматы қаласынан басқа) тұрады, ал олардың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі (ЖӨӨ) тек 17% құрайды. Солтүстік өңірлерде халықтың 29% ЖІӨ-нің 25%-ын құрайды. Әлемдік тәжірибеде экономикалық өсім негізінен халықтың жоғары концентрациясы бар аймақтарда кездеседі. Мұнда негізгі инвестициялар тартылады, талантты жастар сол өңірлерге ұмтылады,

онда ғылым мен инновациялар қалыптасады. Өкінішке орай, біздің елімізде халықтың ең жоғары концентрациясы бар оңтүстік өңірлерде ең төменгі өнімділік, батыс өңірлерде халықтың тығыздығы төмен - ең жоғары өнімділік. Солтүстік өңірлер көбінесе әлемдік үрдістерге сәйкес келеді. Бұдан басқа, сарапшылардың бағалауы бойынша, алдағы 5 жылда 1990-шы жылдардың демографиялық құлдырауына байланысты жаңа жұмысшылардың ағынының төмендеуі байқалады [4].

Көші-қон үдерістерін құқықтық реттеу – кез келген мемлекеттік саясатының ең күрделі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының аумағына келу және Қазақстан Республикасының аумағына шығу мақсаттарына байланысты 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының №477-ІV Заңының 3-бабына сәйкес иммиграция келесі түрлерге бөлінеді:

- тарихи отанына оралу мақсатында;
- отбасын біріктіру;
- білім алу мақсатында;
- жұмыс орнын табу мақсатында;
- гуманитарлық және саяси себептерге байланысты.

Халықаралық аренадағы белсенді көзқарас Қазақстанда өздерінің стратегиялық мүдделері мен басқа мемлекеттердің мүдделерін есепке ала отырып, мемлекеттік көші-қон саясатын құқықтық қамтамасыз етуде заң

шығару процесін ынталандырады.

Төменде біздің еліміздегі көші-қон үдерістері реттелетін нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі келтірілген:

1) «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңы (2017 жылғы 11 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен);

2) «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы (2014 жылғы 29 қыркүйектегі өзгертулер мен толықтырулар);

3) «Үшінші елдерден заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 маусымдағы № 445-IV Заңы;

4) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы (2017 жылғы 11 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен);

5) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V Заңы (2017 жылғы 30 маусымдағы редакцияда және толықтырулармен);

6) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі елдің

аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 396 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасы;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің тізіміне кіру тұжырымдамасы;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығымен бекітілген 2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығымен бекітілген 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

12) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасының негізгі ережелері;

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №919 қаулысымен бекітілген «2017-2021 жылдарға арналған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы»;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31

наурыздағы № 168 (1) қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау және бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы [5].

Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясат төмендегідей негізгі қағидаларға негізделеді:

◆ Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және халықаралық шарттарына сәйкес көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын мойындау және кепілдік ету;

◆ ұлттық мүдделерді қорғау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

◆ жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін үйлестіру;

◆ қолданылатын ақпараттарды жаңарту мен қайта пайдалану негізінде көші-қон процестерін реттеудің ашықтығы;

◆ иммиграцияның әртүрлі түрлерін реттеуге мемлекеттің сараланған көзқарасы [2].

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Бағдарламасы аясында әлеуметтік жұмыс орындарына 16,5 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланғанда 20,1 мың адам жұмысқа орналастырылды, немесе 122%.

«Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бағдарламасының үшінші бағыты

шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мынадай шаралары көзделген: әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру, жастар практикасы мен қоғамдық жұмыстарға жолдау, өңірлерден өңірлерге көшу үшін мемлекеттік қолдау көрсету арқылы еңбек ресурстарының ұтқырлығын қамтамасыз ету қарастырылған.

Осылайша, 2018 жылдың 9 айында:

- әлеуметтік жұмыс орындарына 16,5 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған кезде 20,1 мың адам жұмысқа орналасты;

- жастар практикасына 20,8 мың адамды жіберуге жоспарланған кезде 24,6 мың адам жолданды, немесе жоспардың 118%-ы;

- қоғамдық жұмыстарға 75,4 мың адам орналастырылды, немесе жылдық жоспардың 100% орындалды.

Қоныс аудару – солтүстік өңірлерден 2336 отбасын (9,3 мың адам) көшіру жоспарланған кезде 1278 отбасы (4687 адам) көшірілді. Оның ішінде жұмысқа қабілетті 2138 адам болып табылады. 1150 адам немесе 54%-ы тұрақты жұмысқа орналасқандар [6].

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу – ауыл шаруашылық өнімдерін, шикізатты, азық-түлікті өндіруге, қайта өңдеуге және сатуға, сондай-ақ агроөнеркәсіптік өндірістің өндірістік-техникалық қызмет көрсетуіне және логистикасына экономикалық әсер етеді. АӨК-ні мемлекеттік реттеу қажеттілігі бірқатар жағдайлармен байланысты, мысалы: агроөнеркәсіптік және

тауар нарықтарының макроэкономикалық жағдайға әсері; табыстарды экономикалық тұрғыдан әділ бөлуді қамтамасыз ету саласындағы нарықтағы сәтсіздіктер; табиғи факторлардың ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне әсері; ауылдық жерлердің демографиялық

ерекшеліктері.

Төмендегі 1-ші кестеде Қазақстанда 2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін қабылданған жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру нәтижелері көрсетілген.

Кесте 1. Жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру нәтижелері (мың адам)

Көрсеткіштер	Жалпы	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Бағдарламаларға қатысушылардың саны	1737,1	59,2	102,4	106,4	194,4	136	198,3	572,9	367,5
Оқумен қамтылған	362,7	69,4	63,2	48,6	35,7	14	7,2	92,2	32,4
Шағын несиелер алды	54,2	1,4	6,5	11,2	9,6	4,4	9,7	7,2	4,4
Бос жұмыс орындарына орналастырылған	857,6	6,3	13,8	13,2	87,3	102	122,1	315,5	197,4
Әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды	153,8	16,3	27,6	24,3	18,7	10,4	14,3	24,1	18,1
Жастар практикасына жолданды	135,3	0	24,9	23,5	17,5	10,3	15,1	25,8	18,2
Инфрақұрылым жобаларға жұмысқа орналастырылған	106,2	0	7,2	23,6	23,8	8,6	40,6	2	0,4
Көшірілген	26,5	0,2	7,9	4,6	3,5	1,2	2	4	3,1

*Дерек көзі: ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері // www.enbek.gov.kz.

2-ші кестенің деректерінен көрініп тұрғандай, 2011 жылдан бастап халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде 1,7 млн. адам қамтылды (01.08.2018 ж. – 367 мың адам), оның ішінде:

- 363 мың адам кәсіптік білім алды;
- 54 мың адам өз ісін ашу немесе кеңейту үшін шағын несиелер алды;

- 858 мың адам қосымша мемлекеттік қолдау шараларын көрсетусіз тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды;

- 154 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды;

- 135 мың адам жастар практикасына жіберілді;

- 106 мың адам инфрақұрылымдық жобаларды іске

асыру шеңберінде жұмысқа орналастырылды;
- 26 мың адам жаңа тұрғылықты жерге көшірілді.

Белгіленген мәселелердің өзектілігін ескере отырып,

демографиялық үдірістерді оңтайландыру және өңірлік еңбек нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында тиімді көші-қон саясатын әзірлеу мемлекет үшін өте маңызды болып отыр.

Нәтижелерді талқылау және қорытынды

Қазақстан Республикасында көші-қон мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Көші-қон саласындағы стратегиялық құжат 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясатының Тұжырымдамасы болып табылады. Еңбек көші-қоны нәтижесінде алынған жағымсыз салдарларды бейтараптандыру және оң нәтижені күшейту мақсатында осы үдерісті ұлттық және мемлекетаралық реттеудің кең жүйесі құрылды. Алайда, терең талдау нәтижесінде этникалық көшіп-қонушылардың солтүстік өңірлерге қоныс аудару тетіктерін және жалпы көші-қон үдерістерін аймақтық деңгейде де, ұлттық деңгейде де жетілдіру қажет екендігі анықталды. Қазақстандағы ішкі және сыртқы көші-қон үдерістері нормативтік-құқықтық реттеу тұрғысынан одан әрі жетілдіруді талап етеді. Сондай-ақ, этникалық көші-қонды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру тетігін күшейту және этникалық мигранттарды, әсіресе солтүстік өңірлердің ауылдық жерлерінде одан әрі нығайту үшін қажетті жағдайларды жасау қажет [7].

Мемлекеттің аграрлық саясаты, сондай-ақ тұтастай алғанда

агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралар этникалық көшіп-қонушылардың ерекшеліктері мен проблемаларын ескермейді. Сонымен қатар, этникалық мигранттарға берілетін «оралман» мәртебесі бір жылдан кейін аяқталады, және осы мәртебеге байланысты барлық ықтимал жеңілдіктерден айырылады және жергілікті халық болып саналады. Ал, осы уақыт ішінде олардың әлеуметтік, құқықтық мәселелері ешқандай шешім таба алмайтыны анық. Тіпті, Қазақстан Республикасы азаматтығын да алып үлгермейтін жағдайлар басым. Сондықтан авторлар АӨК тұтастай қарастыра отырып агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін этникалық қоныс аударушыларға қатысты болатын ортақ жүйелік проблемаларды айқындады. Ауылдағы жұмыспен қамтылған халықтың айтарлықтай бөлігі «өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық» деп жіктеледі және олардың көбі нәтижелі жұмыс істемейді [4].

Жалпы алғанда, өз бетінше жұмыспен қамтылған халық конгломерат болып табылады, 2017 жылдың қаңтарында олардың саны 2163854 адам (жұмыспен қамтылған халықтың 24,3% немесе жалпы

халықтың 11,9%), өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде тіркелгендер арасында жалдамалы қызметкерлерге жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер 1483974 адам, бұлар өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың 69% құрайды. Сонымен бірге, 343 мың адам нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар ретінде белгіленді. Қазақстандағы ауыл шаруашылығында жұмыспен қамту және жұмыссыздық проблемалары өзекті болып қалып отыр. ҚР Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша (www.stat.gov.kz), ҚР-да 2017 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны 456,76 мың адамға, жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 5,0%-ына тең. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін тіркелген жұмыссыздардың басым бөлігі әйелдер мен ауыл тұрғындар [2].

Қазіргі уақытта ішкі көші-қонды ынталандыру стратегиясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі №118 Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі елдің аумақтық дамуының болжамды схемасының негізгі міндеттерінде бағдарланған: экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру; халықты қоныстандырудың оңтайлы жүйесін қалыптастыру; өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамыту; аймақтық инфрақұрылымды нығайту; халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін жағдай жасау.

Орта мерзімді перспективада осы бағытта жұмыс істеуді жалғастыру ұсынылады. Сонымен

қатар, қазіргі кезде Қазақстанда урбанизация процесі белсенді кезеңде. Ауылдық жерлерде жұмысқа орналасу мен тұрмыс деңгейінің төмендігі қалалардың тартымдылығының артуына және ауыл тұрғындарының ағынына себеп болды. Алайда, қалалар елеулі еңбек ресурстарының ағыны үшін жеткілікті дайын емес. Урбанизацияға байланысты проблемаларды дер кезінде шешу үшін (тұрғын үймен қамтамасыз ету және мигранттарды жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтерді көрсету) ішкі көші-қонды бақылау мен есепке алу жүйесін реттеу маңызды [8].

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон саясатының негізгі мақсаты ретінде келесі анықталады: көші-қон үрдістерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде елдің білікті жұмыс күшіне қажеттілігін қамтамасыз ету. Қазақстанның көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдамасына сәйкес, қойылған мақсатқа қол жеткізу және демографиялық мәселелерді шешу үшін бірқатар міндеттерді орындау керек, оның ішінде демографиялық және экономикалық өсуді ынталандыруға негізделген көші-қон үрдістерін реттеудің тиімді моделін құру, урбанизация үрдістері контекстінде ішкі көші-қонды басқарудың тиімділігін арттыру және ішкі көшіп-қонушылардың қоныстануын оңтайландыру болжанады [7].

Біздің ойымызша, ішкі

мигранттардың біркелкі емес ағымы, бейресми жұмысқа орналасу, еңбек нарығындағы теңгерімсіздікке әкеледі. Сонымен, 2020 жылға қарай еңбекке деген сұраныстың оң үрдісі 16% артады деп болжануда. Оң динамика ұлттық экономиканың барлық салаларында байқалады. Ірі қалалар еңбекке деген сұраныстың тұрақты көзі болып қалады. Сонымен қатар, кейбір өңірлерде халықтың еңбекке жарамдылық жасына кіретін санынан еңбекке жарамсыздық жасына кіретіндер санының асып кету үрдісі болжануда. Демек, көші-қон ағымы табиғи түрде өседі.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Бағдарламасы көші-қон үрдістерін мемлекеттік реттеуде және ҚР-дағы халықты жұмыспен қамту мен жұмыссыздық мәселелерін шешуде макроэкономикалық, стратегиялық және әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Осы бағдарламаны іске асыру шеңберінде ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады. ҚР-ның азаматтары, оралмандар және олардың отбасы мүшелері жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару жөніндегі Бағдарламаға қатысушылар болып табылады [9].

Көші-қон үрдістерін реттеудің әлемдік тәжірибесін жалпылау қазақстандық көші-қон саясаты үшін мынадай алғышарттарды бөлуге мүмкіндік береді:

- ішкі көші-қонды ірі өнеркәсіптік және индустриалдық

өсу орталықтарына, сондай-ақ демографиялық мұқтаж өңірлерге бағыт бойынша бағдарлау;

- ішкі және сыртқы көші-қонушыларды есепке алу және мониторинг жүйесін жетілдіру;

- еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тарту;

- репатриациялық саясатты жандандыру.

Осылайша, көші-қон саясаты мен халықты жұмыспен қамту бағдарламалары мемлекет дамуының стратегиялық жоспарларына негізделеді және көп жағдайда қазіргі заманғы даму ерекшеліктерін ескереді. Жұмыссыздықтың, оның ішінде жастардың ішіндегі жұмыссыздықтың деңгейін төмендету жөніндегі шаралар, қосымша жұмыс орындарын алу мақсатында шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды тиімді жүйесін ұйымдастыру, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде жұмыс орындарын құру осы жағдайда оңтайлы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді [10].

Сыртқы көші-қон айқын түрдегі сипатқа ие: Орталық Азия елдерінің тұрғындарының ағыны жақын және алыс шетелдерге қазақстандық азаматтардың кетуін өтей алмайды. Себебі, шетелдерге қоныс аударушылардың басым бөлігі экономикалық белсенді

жастар. Осылайша, қазіргі қалыптасқан демографиялық үрдістер ішкі көші-қон үдерістерінің ағымдары мен бағыттарына айтарлықтай әсер етеді және жоспарланған дамуға сәйкес олардың жүйелі реттелуін талап етеді. Өңірлердің даму деңгейі мен

жетістігі ЖІӨ деңгейіне және жалақы деңгейіне, жұмыспен қамтудың өсу қарқыны мен құрылымына, жұмыссыздық мөлшеріне және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар санына әсер ететін экономикалық бейімділігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанды үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // Мемлекет басшысы Н.А.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // 2017 жылы 31 қантар.

2. К. Бодаухан және т.б. Взаимосвязь этнической миграции с развитием сельского хозяйства (на материалах Акмолинской области). Монография. – Астана: ТОО «Профи Медиа», 2017. - 140 бет.

3. К. Бодаухан және т.б. «Этникалық көші-қон ағымы мен ауыл шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылығына этникалық мигранттарды тарту және біріктіру бойынша ұсыныстар әзірлеу (Ақмола облысының материалдары бойынша)» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп (қорытынды). – Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, 2017. – 65 бет.

4. Bodaukhan K., Bauer M.S., Bermukhambetova V.B., Kochiigit Z., Okutayeva S.T. Recommendations on the attraction of ethnic migrants in the agriculture of the Republic of Kazakhstan // *Espacios* // Volume 38, Issue 62, 2017 (ISSN07981015–Scopus).

5. К. Бодаухан, А.К. Джусибалиева. Основные аспекты государственного регулирования миграционных процессов в Республике Казахстан // Научно-информационный журнал «Экономика и статистика». – №2. – 2018. – С.113-123.

6. ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы // www.enbek.gov.kz.

7. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдамасы // ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы // www.enbek.gov.kz.

8. А.К. Джусибалиева, Г.Ж. Абдыкерова. Государственная поддержка занятости в сельском хозяйстве Казахстана // «Проблемы агрорынка». – 2018. – №2. – С.215-225.

9. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» Бағдарламасы // www.enbek.gov.kz.

10. Kairat Bodaukhan, Aruzhan Jussibaliyeva, Zhanerke Kochiigit. Actual Aspects of Population Migration from Labor Surplus to the Labor-Deficit Regions of Kazakhstan and State Regulation of Migration Processes // *International Journal of Management and Business Research* // Volume 8, Issue 2, 2018, pages 71-85,

REFERENCES

1. Qazaqstandy úshinshi jańgyrtý: jahandyq básekege qabiletilik // Memleket basshysy N.A.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna joldaýy // 2017 jyly 31 qantar.
2. K. Bodaýhan jáne t.b. Vzaimosvıaz etnicheskoı migratsii s razvıtıem selskogo hozıaıstva (na materialah Akmolınskoı oblasti). Monografıa. – Astana: TOO «Profi Media», 2017. – 140 bet.
3. K. Bodaýhan jáne t.b. «Etnıkalyq kóshi-qon aǵymy men aýyl sharýashylyǵyn damytý jáne aýyl sharýashylyǵyna etnikalyq migranttardy tartý jáne biriktirý boıynsha usynystar ázirleý (Aqmola oblysynyń materialdary boıynsha)» taqyrybyndaǵy ǵylymı-zertteý jumysy týraly esep (qorytyndy). – Astana: S.Seıfýllin atyndaǵy QATÝ, 2017. – 65 bet.
4. Bodaukhan K., Bauer M.S., Bermukhambetova B.B., Kochiigit Z., Okutayeva S.T. Recommendations on the attraction of ethnic migrants in the agriculture of the Republic of Kazakhstan // *Espacios* // Volume 38, Issue 62, 2017 (ISSN07981015–Scopus).
5. K. Bodaýhan, A.K. Djýsıbalieva. Osnovnye aspekty gosýdarstvennogo regýlırovaniia migratsionnyh protsessov v Respýblike Kazahstan // Naýchno-informatsionnyı jýrnal «Ekonomika i statistika». – №2. – 2018. – S.113-123.
6. QR eńbek jáne halyqty áleýmettik qorǵaý ministriginiń resmı internet-resýrsy // www.enbek.gov.kz.
7. Qazaqstan Respýblikasy kóshi-qon sariyatynyń 2017-2021 jyldarǵa arnalǵan Tuıyrymdamasy // QR Eńbek jáne áleýmettik qorǵaý ministriginiń resmı internet-resýrsy // www.enbek.gov.kz.
8. A.K. Djýsıbalieva, G.J. Abdykerova. Gosýdarstvennaia podderjka zaniatosti v selskom hozıaıstve Kazahstana // «Problemy agrorınka». – 2018. – №2. – S.215-225.
9. Nátijeli jumyspen qamtýdy jáne jappai kásipkerlikti damytýdyń 2017–2021 jyldarǵa arnalǵan «Eńbek» Baǵdarlamasy // www.enbek.gov.kz.
10. Kairat Bodaukhan, Aruzhan Jussibaliyeva, Zhanerke Kochiigit. Actual Aspects of Population Migration from Labor Surplus to the Labor-Deficit Regions of Kazakhstan and State Regulation of Migration Processes // *International Journal of Management and Business Research* // Volume 8, Issue 2, 2018, pages 71-85, ISSN 2228-7019–Scopus.

ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ МИГРАЦИИ НА ЗАНЯТОСТЬ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Бодаухан К.,
Джусибалиева А.К.*

Аннотация

Изучены миграционные процессы в республике, определены различные аспекты влияния этнической миграции на занятость в сельском хозяйстве, обозначены принципы государственной политики в области миграции населения, рассмотрены вопросы нормативно-правового регулирования миграции и занятости сельского населения. Показана внутренняя миграция как основное направление миграционных процессов в Казахстане, которая характеризуется в основном интенсивным переселением экономически активного населения из сельских местностей и экологически неблагоприятных регионов в регионы с более благоприятной экономической ситуацией. Обоснованы важные особенности - миграционный транзит и трудовая миграция из стран Центральной Азии, а также иммиграция, связанная с притоком этнических казахов, и эмиграция. Миграция является действенным инструментом создания условий для роста экономической и деловой активности хозяйствующих субъектов и формирования единого внутреннего экономического пространства, гармонично интегрированного с мировой экономикой. На сегодняшний день демографическая ситуация в регионах Казахстана неоднородна и будет развиваться в дальнейшем под влиянием сложившихся тенденций естественного воспроизводства и миграции населения.

Ключевые слова: сельское хозяйство, этническая миграция, продуктивная занятость, миграционные процессы, трудовой потенциал, миграционная политика, безработица, социальные гарантии, предпринимательство.

THE IMPACT OF ETHNIC MIGRATION ON EMPLOYMENT IN AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

***Bodaukhan K.,
Jussibaliyeva A.***

S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University

Summary

Modern migration processes in the Republic of Kazakhstan have been studied, various aspects of the impact of migration on employment in agriculture have been identified, the principles of state policy in the field of population migration have been outlined, and the issues of regulatory and legal regulation of migration and employment of the population in agriculture have been studied. The main directions of migration processes in Kazakhstan, which are internal migration, are revealed. Internal migration is characterized mainly by intensive relocation of economically

active population from rural areas and ecologically disadvantaged regions to regions with a more favorable economic situation. The important features, which are migration transit and labor migration from the countries of Central Asia, as well as immigration related to the influx of ethnic Kazakhs, and emigration are substantiated. Migration is an effective tool for creating conditions for the growth of economic and business activity of economic entities and the formation of a single internal economic space that is harmoniously integrated with the world economy. To date, the demographic situation in the regions of Kazakhstan is heterogeneous and will continue to develop under the influence of the prevailing trends of natural reproduction and population migration.

Keywords: agriculture, ethnic migration, productive employment, migration processes, labor potential, migration policy, unemployment, social guarantees, entrepreneurship.